ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 шілде №4360-23-00-2/1331 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Abilbayev» атауымен әрекет етуші Нұрболат Жамбылұлы Әбілбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Abilbayev» атауымен әрекет етуші Нұрболат Жамбылұлы Әбілбаевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Abilbayev» атауымен әрекет етуші Нұрболат Жамбылұлы Әбілбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Abilbayev» атауымен әрекет етуші Нұрболат Жамбылұлы Әбілбаевтан «Қызылордажылуэлектрорталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 30 240 (отыз мың екі жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттік бажға төлеген сот шығысы 907 (тоғыз жүз жеті) теңге, барлығы 31 147 (отыз бір мың бір жүз қырық жеті) теңге өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Abilbayev» атауымен әрекет етуші Нұрболат Жамбылұлы Әбілбаевтан мемлекет кірісіне сот шығысы

мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 24 тамыз 2023 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б.Елшібеков**

Сот өндірісі
Судопроизводство
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК»
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 11.07.2023